

Арғұт өзені бар екендігін, сондай-ақ моңғол тілінде «т» әрпімен бітетін сөз көпше жалғауды білдіреді. Егер соңғы сөздері «т»-ны «н»-ға өзгертсек тағы да арғұм немесе арғұн шығатынын айтады. [6.74.] Бұл пікірді көптеген ғалымдар өз зерттеулеріне өзек етеді.

Арғын - этноним. Екі тіл білетін және шахарлармен араласып қалған кісілердің тілінде бұзықтық бар. Соғдақ, кенжек, арғу тайпалары сондай екі тіл білетіндерге кіреді. [5.55.]

Арғын руына қатысты ономастиналық атаулар аталмыш ру, тайпа, ұлыстарының өздері иемденген жерлерде қашан, қай заманнан тұрып келе жатқанынан, қандай ұлыс, тайпалармен көрші болғанынан, қазақ халқының ерте заманғы қоғамдық құрылысынан хабардар етері сөзсіз. Тайпалар одағын бірлестірген арғын руының атауына байланысты лингвистикалық мәліметтер молынан кездесе, осы арғын руына, оның тайпасына және сол рудан шыққан белгілі адамдар есіміне байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер тіл білімінде қарастырылмаған мәселелердің бірі. Мысалы: *Ақжолдаса арғын қалмайды, екеуі бірігіп Сарманайлап түйілсе, басқалардың тамтығы да қалмайды. Он екі арыс арғын. Он алты ұлды Жоламан. Мен шормын, шормын, құдайдан да зормын. Ақсақтың алтауы. Арғын – аға баласы. Жеті момын. Айбикенің ауылына қонғанша, Нұрбикенің көшіп кеткен жұртына қон. Аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ. Арғын Тәйтеке болғанда, Алшын Әйтеке болған. Арғын деген арыспын, азуым алты қарыспын т.б.*

Сейсембай Г.А., аға оқытушы
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

ӘСЕТ НАЙМАНБАЙҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Әдебиетіміздің тарихында артына әсем әндері мен мағыналы өлеңдерін мирас еткен ХІХ ғасыр қазақ

Арғын этнониміне қатысты атаулардың, тұрақты тіркестердің, төркінін, шығу тегін, мән-мағынасын, қолданыс аясын айқындау қазақ халқының болмысының ішкі нәрін толықтыратын арнаның бір бұлағы іспеттес. Жалпы халықтық тілдің даму мен кемелденуінде, тіл лексикасының молығуы мен оның бейнелеу қуатының артуында өзіндік үлес қосып келе жатқан айшықты сөздердің белгілі бір аймақта өзін тұтынушы халықтың өткен өмір кешулерінен шертер сыры да аз емес. Шығыс Қазақстан аймағындағы арғын этнониміне қатысты атау сөздердің, арғын руының белгілі бір табына, ру-тайпа ішіндегі танымал адам есімдерінен қалыптасқан тұрақты тіркестердің тілдік бірлік ретіндегі мән-мағынасын тілдік дерек көз ретінде қарастырудағы маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Салғарин. Қазақ шежіресі. // Жұлдыз.1991.№10.-42б.
2. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка.-Алматы.Санат.-1997.-608ст.-48с.
3. Мұқанов М.С. Этническая территория казахов в XVIII начале XX веков.Алма-Ата.Казахстан.-1991.-64б.
4. Кенесбаев С.К., Джанузаков Т.Д. О лексических пластах ономастики казахского языка //Советская тюркология, 1976, №3 . 78-88ст.
5. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі.-Алматы. Хант.-1997.- 1т.-590 б.
6. М.Тынышбаев. История казахского народа.-Алма-Ата. Қазақ университеті.-1993.-224ст.

әдебиетінің көрнекті өкілі - Әсет Найманбайұлы.

Әсет ақын шығармашылығын тақырыптық тұрғыдан зерделер болсақ,

суреткерді жиі толғандырып, туындыларына арқау болған негізгі мәселенің бірі - адамгершілік, ұрпақ тәрбиесі, адами қасиеттерді насихаттау екендігін байқауға болады.

Жақсылық пен жамандық, ақылды мен наданның ісі, харам мен халал сияқты жолдары ешқашан тоғыспайтын кереғар дүниелерді салыстыра отырып әрқайсысының парқын айыра келе ойын өнеге-өсиет түрінде қорыту ақын шығармаларындағы басым сарын болып табылады. Ақын түсінігінде ғылым мен ақыл, иман ажырамас бірлікте болса ғана, жүректің асылдығы мен ізгілігі сақталады.

Ақыл – қанат, ғылым – дос, иман – серік,

Асыл жүрек бермейді, шайтанға ерік

*Нәпсіге өз бойыңды билетпесең,
Ақылың мол, сабырың болып берік,* - деген жолдардан осы негізгі түйінді аңғарамыз.

*Ақылдының сөзінде жұпары бар,
Ғылыммен тән тазарып жанда-нады.*

*Оқудың түзетпейтін адамы жоқ,
Қараңғы мін барларға шам жананды.*

*Ақылды, аз ашулы көп пікірлі,
Пайдалы насихатты аңғарады.
Жаманның көрпесінің өлшеуі жоқ,
Әлбетте әлін білмей паңданады*

Негізгі ой желісі бұл шумақта да өз жалғасын тауып, алғашқы өлең жолдарында берілген пікірмен сабақтасып жатыр. Ғылым жолына түскен жан өз тәнін тазартып, жан-дүниесін тек ізгілікке толтыра алады деген сенім ақын туындыларында жиі қайталанып отырады.

*Берді өлшеп ризықты бейнетіңе,
Ғылым қу, жай тамырын тербетуге.
Адамдық адалдықпен бірге жүрер,
Жарамас жамандықпен ержетуге.
...Шындықтан кісі өлмейді, шынайы бол,*

Адамға шын дос керек селбесуге, - деген ақын сөздеріндегі де өзекті идея адамгершілік қасиет, адалдық пен адамдықтың ең алдымен шынайылық пен әділдіктен туындайтындығы болып отыр.

Ойшыл ақынды көп алаңдатып, ойландырған күрделі мәселе – адам мінез-құлқы, оның бойындағы жақсы, жаман қасиеттер. Жақсы мен жаманның сипаты туралы ол былайша жырлайды:

Жамағат, сен тыңдасаң, айтайын сөз,

Адамның біреуі - алтын, біреуі – жез,

Әрқашан жолдас болсаң, жақсымен бол,

Бағаңды кетіреді қор менен ез.

«Әсет ақындығына әсер еткен, оны ақын етіп тәрбиелеген негізгі күш, біріншіден халықтың бай ауыз әдебиеті. Әсеттің одан кейінгі тікелей ұстазы – Абай», - деп жазушы Бексұлтан Нұржекеев айтқандай [1,39] ақынның кейбір ой-пікір төңірегінде Абаймен жиі тоғысатынын аңғарамыз, әсіресе адамгершілік мәселесінде оның ұстазымен үндесер тұстары жиі кездесіп отырады:

*Өкініп өткен істі надан құмақ,
Шын ақыл пайдасызды іздемейді.*

Нәрсе жоқ талаптанбай табылатын,

Наркескен қайралмаса жүзделмейді.

*Қасарар қайраса да наданшылық,
Білімсіз өзі біліп үйренбейді.*

Керенау, ұйқы, жалқау – үш досы бар,

Бұлардан бауыр басып жиренбейді.

Ұлы Абай «өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтықтан» сақтандырса, Әсет те осы сарындас ой түйіп, надандық пен жалқаулықтан, бос ұйқы мен керенаулық сияқты жаман қасиеттерден аулақ болуға үндейді.

Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп «жақсы мен жаманды айырмаған» елі үшін күнренсе, Әсет те «Қалдың ба, қайран қазақ, қамданбастан» деп жырлап, өз ортасының мінез-құлық кемшілігін өткір мінейді. Екі ақынның да жан қайғысы бір, елдің ертеңіне кедергі болар халық бойындағы жаман қасиеттерді сынай отырып, басты мақ-

саттары қазақты бірлік, ынтымаққа шақырып, әділдікке тәрбиелеу.

Абай: *Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,*

Аузымен орақ орган өңкей қыр-тым.

...Бас-басына би болған өңкей қи-қым,

Мінекей бұзған жоқ па елдің сиқын?!,-десе

Әсет: *Қазақ қамын ойлаған кісің бар ма,*

Білгенің, іздегенің - өзің құлқың.

Ғаділет, шапағат жоқ жүрегіңде,

Адамға ерік бермес өңшең қыр-тың, - деп халқының «бағасыз қара тастай» болып, ілгері баспай, жастардың «басында жемісі жоқ қу ағаштай» өнер-білімсіз, ғылымсыз жатқан кейпіне наразылық танытады.

Жақсы мен жаманға тән іс-әрекет, мінез-құлықты сипаттауда ақынның өмірлік тәжірибесі, өнер адамына сай байқағыштығы мен философиялық терең ойшылдығы назар аудартады. Өмірдің өткіншілігі туралы да өз туындыларында көп толғанған суреткер сол өлшеніп берген ғұмырды жүректі таза ұстап, қолдан келгенше жақсылық қана жасап, жаман қасиеттерден аулақ болып өткізуге шақырады. Ақынның гуманистік ой-пікірлері бүкіл шығармашылығына арқау болып тұрғанын байқау қиын емес. Мына өлең жолдарынан жақсы мен жаман туралы ақын тарапынан айтылған тағы бір тағылымды ойды көреміз:

Жақсы адам жат кісіні дос қылады,

Жаман адам дауыңа дау қостырады.

Ат алмайтын адырға адырайып шығып,

Бұғып жатқан аң болса бостырады.

Абайша айтар болсақ «Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмірде» бар күш жігеріңді біреуге жамандық жасауға жұмсау ақымақтың ісі екендігін ақын үнемі ескертіп отырады.

Жігітке қисық қылық мінменен тең,

Жараспас жас бойына сынменен тең.

Надан бар көңілі қара, қолы са-ран,

Қараңғы жүрегі оның түнменен тең, - дей келіп жаман мінездің, надандық пен пасықтықтың себебі білімсіздіктен, ғылымға көңіл бөлмегендіктен деп те түйін жасайды. «Ғылым деген иманның бір кілті бар, кемедей дарияны жалдайтұғын» деген сөздері де осы пікірін нақтылай түседі. Ойымызды дәлелді беру үшін, тағы да ақынның осындай мағынадағы өз сөздеріне жүгінейік:

Шыншыл бол, шықпа жолдан, шыдамды бол,

Ақыл – дос, талап – басшы, таба-сың жол.

Мамықтай мінезіңді жұмсақ қы-лып,

Жылы жүз, тәтті сөзбен мақта-уға тол.

Талапсыз жас, пайдасыз өткен ғұмыр,

Секілді керуен түспес сахара шөл ...Надандықтан ғылымды қиын-сынып,

Ақылдан адасып жүр бірқатар ел. Ақыл, ғылым болмаса бір пияла, Жанары жоқ дөңгелек көзің бір нөл.

Ақынның өлеңнің танымдық, тәрбиелік мәнін терең түсініп, оны өз заманындағы адам мінезін түзеудің күшті құралы деп қарағанын көптеген өлеңдерінен, әсіресе адамгершілік мәселесін көтерген «Шыншыл бол, шықпа жолдан, шыдамды бол», «Ұраным – арғын шордан қаракесек», «Жас жігіт надандықпен алданады», «Бұл дүние ойлап тұрсам емес жолдас», «Наданды білімсіз деп қылдық өсек» т.б. шығармаларынан толық байқаймыз.

«Көзі ашық, көңілі ояу жастар үшін»

Халықтың айна етіп жаздым жайын, - деп Әсет ақын өз заманының кемшілігін, адамдардың жаман қасиеттерін сынап, жас ұрпақты осындай кесепат қылықтардан қашық болуға шақырады.

Әдебиеттің адамтану ғылымы, әдеби туындының тәрбие құралы екендігін ескерер болсақ, оның оқыр-

манға берер үлгі-өнегесі мен тәлім-тәрбиесі «кеудесінде сәулесі бар» жанға әсерін тигізері анық.

Әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», - деген екен. Ұрпақ тәрбиесін жүзеге асыруда ақындарымыздың туындыларындағы адамгершілік идеяларды, тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді назарда ұстау, әдебиетіміздің асыл үлгілері арқылы жас ұрпақты жақсы қасиеттерге баулу бүгінгі таңда аса қажет. Осы тұрғыда Әсет Найман-

байұлы өлеңдерінің тағылымдық маңызы, берер тәлімі мол екенін айта кеткеніміз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Найманбаев Ә. Шығармалар. Алматы., «Жазушы», 1988
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. Алматы., «Ана тілі» 1995
3. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр қазақ әдебиеті. «Жазушы», 1992
4. Құнанбаев А. Шығармалары. Алматы., «Жалын», 1995

Тастайбаев Д.Ә., магистрант

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «КӨКСЕРЕК» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН ҰҚСАСТЫҒЫ

Әлемдік мәдениетке қазақ халқы қандай көркемдік игіліктер қосты дегенде, ауызға алынар есімнің бірі - Мұхтар Әуезов. Ол әлемдік құбылыс. Әуезов ғасырлар бойы жиналып келген қазақ топырағындағы асыл құнарлардың жарқырап қайта көрінуінің үлгісі. Ауыз әдебиетіндегі сарындар, мотив, идея, тіл өрнектері, бояулар Әуезов дүкенінде қайта жаңғырды. Қазақтың реалистік дәстүрлердің тереңдеп сіңгенін танытты.

Оның шығармаларының ең бір жақсы жағы жастарды адамгершілік пен мейірімділікке тәрбиелеу. Қазақ халқы мәдениетінің өркендеуіне Мұхтар Әуезовтің сіңірген еңбегі орасан зор, ол өзі сияқты санаулы адамдармен бірге әдебиетіміздің жедел дамуына ат салысты, проза мен ұлттық дарматургиямыздағы бастаушылардың бірі болды.[1, 85]

Мұхтар Әуезов – шығармалары ұлттық шеңберден шығындап көтеріліп, әлемдік мәдениеттің қымбат қазынасына толымды қор болып қосылған ұлы суреткер. Сондықтан бүгінгі таңда туған жекелеген байсалды еңбектеріне қарамастан, оның мұрасы

әлі ұзақ уақыт жан – жақты, сан алуан, әр бағыттағы зерттеулердің объектісі болуы қажет. Қазақ әсемдік ойы тарихында ерекше құбылыс – М. Әуезов туындылары идеялық – көркемдік, образдық, жанрлық ретпен де, ізденіс өрістері, қаламгерлік эволюция тұрғысынан да ақтара қарап, саралауды талап етеді. [3, 181]

М.Әуезовтің әйгілі шығармаларының бірі «Көксерек». Оған ертеректе жат сарынды туынды деп кінә тағылса да, бүгін шедевр.

Түлкі – қу, қасқыр – қорқау, бүркіт – қыран кейпінде, бір-ақ қырынан бейнеленетін, эпостың ескі соқпағын бұзған Мұхтар Әуезов реалистік әдебиеттердің жақсы сабақтарына әбден ден қойған.

Бір объектіге бару алдында оны зерттеуші көзімен тексеріп, ыждағатпен байыптап алатын, қалт жібермес машығын ескерсек, Әуезовтің мәшһүр жазушы Эрнест Сетон – Томпсон творчествосымен таныстығы шәк келтірмейді.

Зоология саласындағы үздік еңбектері үшін алтын медаль алған сұңғыла ғалым Э. Сетон-Томпсон ұзақ